**Түркістан облысында ортақ су пайдалану Қағидаларын бекіту туралы**

Түркістан облыстық мәслихатының 2019 жылғы 13 маусымдағы № 38/410-VI шешімі. Түркістан облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 1 шілдеде № 5117 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 9 шілдедегі Су Кодексінің 38-бабының 1) тармақшасына сәйкес, Түркістан облыстық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫҚ:

1. Қоса беріліп отырған Түркістан облысында ортақ су пайдалану Қағидалары бекітілсін.

2. Оңтүстік Қазақстан облыстық мәслихатының 2016 жылғы 25 ақпандағы № 47/388 -V "Оңтүстік Қазақстан облысында ортақ су пайдалану Қағидаларын бекіту туралы" ( Нормативтік құқықтық актілерді тіркеу тізілімінде 3661-номермен тіркелген, 2016 жылғы 30 наурызда "Оңтүстік Қазақстан" газетінде жарияланған) шешімінің күші жойылды деп танылсын.

3. "Түркістан облыстық мәслихаты аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіпте:

1) осы шешімді аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркеуді;

2) осы шешімді мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін баспа және электронды түрде қазақ және орыс тілдерінде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне ресми жариялау және енгізу үшін "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

3) осы шешімді оны ресми жариялағаннан кейін Түркістан облыстық мәслихатының интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

4. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

| | |
|---|---|
| *Облыстық мәслихат сессиясының төрағасы* | *С. Бекенов* |
| *Облыстық мәслихат хатшысы* | *Қ. Балабиев* |

Түркістан облыстық мәслихатының
2019 жылғы 13 маусыдағы
№ 38/410-VI шешімімен
бекітілді

**Түркістан облысында ортақ су пайдалану Қағидалары**

1. Осы Түркістан облысында Ортақ су пайдаланудың қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) 2003 жылғы 9 шілдедегі Қазақстан Республикасы Су кодексінің (бұдан әрі -

Кодекс) 38-бабының 1) тармақшасына сәйкес әзірленді және Түркістан облысының ортақ су пайдалану қағидаларын белгілейді.

2. Ортақ су пайдалану халықтың мұқтаждарын қанағаттандыру үшін су объектілері жекелеген жеке немесе заңды тұлғаларға бекітіліп берілмей және судың жай-күйіне әсер ететін құрылыстар немесе техникалық құрылғылар қолданылмай жүзеге асырылады.

3. Ортақ су пайдалануды жүзеге асыру үшін арнайы рұқсат талап етілмейді.

4. Кодексте көзделген жағдайларды қоспағанда, жеке және заңды тұлғалардың ортақ су пайдалану объектілеріне халықтың кіруін қоршаулар, күзет пункттерін, тыйым салатын белгілер орнату жолымен шектеуіне жол берілмейді.

5. Экологиялық, техникалық және халықтың санитариялық-эпидемиологиялық қауіпсіздігі мақсатында ортақ су пайдалану шектелуі немесе оған тыйым салынуы мүмкін.

6. Ортақ су пайдалануға:

1) шаруашылық-ауыз су мақсаттарын қанағаттандыру үшін;

2) ықтимал сел қаупі бар су объектілерін қоспағанда, рекреациялық мақсаттарда, жаппай демалу, туризм және спорт мақсаттарында;

3) кеме қатынасы және шағын кемелерді пайдалану үшін;

4) мал суару үшін су объектілерін пайдалану жатады.

7. Шаруашылық-ауыз су мақсаттарын қанағаттандыру үшін жер үсті су көздерінен су алу судың жай-күйіне әсер ететін құрылыстар немесе техникалық құрылғылар қолданылмай жүзеге асырылады.

8. Су объектілері мен су шаруашылығы құрылысжайларындағы көпшіліктің демалуына, туризм мен спортқа арналған жерлерді экологиялық талаптар мен адам өмірінің қауіпсіздігін сақтай отырып, су қорын пайдалану және қорғау, сумен жабдықтау, су бұру саласындағы, қоршаған ортаны қорғау саласындағы және халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы уәкілетті органдармен келісім бойынша Түркістан облысының әкімдігі белгілейді.

Ескерту. 8-тармаққа өзгеріс енгізілді - Түркістан облыстық мәслихатының 19.03.2021 № 3/29-VII (шешімімен алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

9. Кеме қатынасы санатына жатқызылған Қазақстан Республикасының жер үсті су объектілері, оларды осы мақсаттарға пайдалануға толық немесе ішінара тыйым салынған не олар оқшау пайдалануға берілген жағдайларды қоспағанда, ортақ пайдаланудағы су жолдары болып табылады.

Су объектілерін кеме қатынасы санатына жатқызу тәртібі, кеме қатынасы, әуе кемелерінің ұшуы (қонуы) үшін пайдаланылатын кеме қатынасы су жолдарының тізбесі және оларды пайдалану қағидалары Кодекстің 105-бабының 3-тармағына сәйкес бекітілетін қағидаларға сәйкес жүзеге асырылады.

10. Су объектілерін мал суару үшін пайдалануға санитарлық қорғау аймақтарынан тыс жерде және суат алаңдары мен су объектілерінің ластануы мен қоқыстануын болғызбайтын басқа да құрылғылар болған жағдайда жол беріледі.

11. Түркістан облысының аумағында орналасқан су объектілерінде шағын кемелерде және басқа да жүзу құралдарында жүзу және оларды пайдалану Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 27 наурыздағы № 354 "Шағын көлемді кемелерді және олар тоқтауға арналған базаларды (құрылыстарды) пайдалану қағидаларын бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11197 тіркелген) және Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2018 жылғы 24 қыркүйектегі № 669 "Палубалы шағын көлемді кемелерді техникалық қадағалауды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17615 тіркелген) бұйрықтарына сәйкес жүзеге асырылады, тұрғын халықтың қауіпсіздігін және шағын көлемді кемелердің өтуін қамтамасыз ету үшін су пайдалануды оқшау немесе бірлесіп жүзеге асыратын су пайдаланушы жұмысты ұйымдастырады:

Адамдардың шомылу аймағынан тысқарыда шағын көлемді кемелердің өтуі үшін ашық түсті қалқыма белгілермен және қадалармен қоршалған, "ДӘЛІЗ АЙМАҒЫНДА ШОМЫЛУҒА ТЫЙЫМ САЛЫНАДЫ ! " деген ескерту және шектеу белгілері бар, ені кем дегенде 10 метр және ұзындығы кем дегенде 100 метр дәліз жарақтайды;

Халықтың шомылу аймағын "қалқыма белгілерден тысқарыда "ШОМЫЛУҒА ТЫЙЫМ САЛЫНАДЫ ! ", "ХАЛЫҚТЫҢ шомылу аймағында шағын көлемді кемелерде жүзуге ТЫЙЫМ САЛЫНАДЫ !" деген ескерту және шектеу белгілері бар ашық түсті қалқыма белгілермен және қадалармен қоршайды.

Жергілікті атқарушы органымен бекітілген шомылу аймақтарында қозғалтқыштарының қуаты 40 ат күші және одан жоғары шағын көлемді кемелерді пайдалану шектеу салынады.

Ескерту. 11-тармақ жаңа редакцияда - Түркістан облыстық мәслихатының 19.03.2021 № 3/29-VII (шешімімен алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

11-1. Азаматтардың өмірі мен денсаулығын сақтау мақсатында Түркістан облысының аумағында орналасқан су объектілерінде шомылуға тыйым салынған жерлер осы Қағидалардың қосымшасына сәйкес айқындалсын.

Ескерту. Қағидалар 11-1-тармақпен толықтырылды - Түркістан облыстық мәслихатының 14.09.2022 № 17/217-VII шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

12. Түркістан облысының әкімдігі тиісті аумақтарда орналасқан су объектілерінің, сумен жабдықтау және су бұру жүйелерінің жай-күйі туралы халықты хабардар етуді жүзеге асырады.

13. Оқшау немесе бірлесіп су пайдалануды жүзеге асыратын су пайдаланушы, егер Түркістан облыстық мәслихаты шешімінде өзгеше белгіленбесе, Кодекстің 67-бабының 3-тармағына және 68-бабының 4-тармағына сәйкес ортақ су пайдалану шарттары немесе оған тыйым салу туралы жариялайды.

14. Ортақ су пайдаланудың шарттарын немесе оған тыйым салынатынын жариялау үшін оқшау немесе бірлесіп су пайдалануды жүзеге асыратын су пайдаланушы Түркістан облыстық мәслихатына ортақ су пайдаланудың шарттарын немесе оған тыйым салынатынын белгілеудің қажеттігі негізделген ұсыныс енгізеді.

14-1. Түркістан облыстық мәслихатың кезекті немесе кезектен тыс сессиясы барысында ортақ су пайдаланудың шарттарын немесе оған тыйым салынатынын белгілеу бойынша тиісті шешім қабылдайды және оны үш жұмыс күні ішінде су пайдаланушыға жолдайды.

15. Жарияланған ортақ су пайдаланудың шарттары немесе оған салынатын тыйымдар шаруашылық-ауыз су мақсаттарын қанағаттандыру үшін ортақ су пайдалануды жүзеге асыруды шектемеуі тиіс.

15-1. Су пайдаланушы Түркістан облыстық мәслихатынан оң шешім алғаннан кейін бұқаралық ақпарат құралдары арқылы, сондай-ақ, арнайы ақпараттық белгілер арқылы халықты шомылуға жол берілмейтіні және ортақ су пайдалануды жүзеге асырудың басқа шарттары туралы хабардар етуді қамтамасыз етеді.

Ескерту. 15-1-тармаққа өзгеріс енгізілді - Түркістан облыстық мәслихатының 19.03.2021 № 3/29-VII (шешімімен алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

16. Ортақ су пайдалану үшін су объектілерін пайдалану кезінде жеке және заңды тұлғалар:

1) су объектілерін ұқыпты пайдалануы;

2) су объектілерін пайдаланудың белгіленген режимін сақтауы;

3) су объектілерінде мәдени, спорттық және басқа да іс-шараларды өткізу кезінде қауіпсіздік шараларын сақтауы;

4) су объектілерін және іргелес аумақтарын тиісті санитариялық нормаларға сай ұстауға, тұрмыстық, құрылыс және басқа да қалдықтармен қоқыстауға, іргелес аумақтарды ластаудың алдын алу және жою жөніндегі іс-шараларды уақытылы жүзеге асыруы тиіс.

17. Ортақ су пайдаланудың су объектілерін пайдалану кезінде:

1) су объектісін ластауға және қоқыстауға;

2) шомылуға арналған орындарда киім жууға және жануарларды шомылдыруға;

3) ескерту немесе тыйым салу жазулары бар арнайы ақпараттық белгілер қойылмаған орындарда шомылуға;

4) арнайы ақпараттық белгілерді өз еркімен алып тастауға, бұзуға және жоюға;

5) аумақта жанар-жағар май материалдарын сақтауға;

6) көлікке жанар май құюды, жууды және жөндеуді жүзеге асыруға;

7) су объектілерінде және оларға тікелей жақын жерде кәмелетке толмаған балаларды үлкендердің қарауынсыз тастауға жол берілмейді.

18. Суда жүзетін жабайы құстар мен жүні бағалы аңдардың, балық ресурстары мен басқа да су жануарларының мекендейтін жері болып танылған су объектілерінде ұя салу және уылдырық шашатын кезеңде ортақ су пайдалану Қазақстан Республикасының жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы нормативтік құқықтық актілермен белгіленген мерзімге шектеледі.

Түркістан облыстық мәслихатының
2019 жылғы 13 маусымдағы № 38/410-VI
шешімімен бекітілген Түркістан облысында
ортақ су пайдалану Қағидаларына
қосымша

**Түркістан облысының аумағында орналасқан су объектілерінде шомылуға тыйым салынған жерлер**

Ескерту. Қағидалар қосымшамен толықтырылды - Түркістан облыстық мәслихатының 14.09.2022 № 17/217-VII шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

| № р/с | | Су объектісінің атауы | Су объектісінің орналасқан жері (мекенжайы, координаттары және басқалар) | Су объектілеріндегі жерлер | Ортақ су пайдалануды шектеу |
|---|---|---|---|---|---|
| Түркістан қаласы | | | | | |
| 1 | 1 | Арыс-Түркістан каналы | Түркістан-Шымкент айналма тас жолы бойы, 43.300874N 68.362751E – 43.328066N 68.297335E | Каналдың екі жағынан 13 шақырым | Шомылуға тыйым салынады |
| 2 | 2 | Қарашық өзені | Түркістан Қызылорда айналма тас жолы бойы, 43.191490N 68.128171E – 43.391873N 68.304590E | Өзеннің екі жағынан 30 шақырым | Шомылуға тыйым салынады |
| 3 | 3 | "Керуен-Сарай" туристік орталығында | Б.Саттарханов даңғылы бойы ( Рухани мәдети | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | орналасқан су арнасы | орталық РМО), 43.292907N 68.285245E | Су айдынының барлық акваториясы | Шомылуға тыйым салынады |
| Арысауданы | | | | | |
| 4 | 1 | Сырдария өзені | Қожатоғай ауыл округі маңында, 42.006558N 68.184363E – 42.069424N 68.217642E | Өзеннің екі жағынан 10 шақырым | Шомылуға тыйым салынады |
| 5 | 2 | Сырдария өзені | Ақдала ауыл округі маңында, 42.247602N 68.258452E – 42.387861N 68.254489E | Өзеннің екі жағынан 25 шақырым | Шомылуға тыйым салынады |
| 6 | 3 | Арыс өзені | Ақдала ауыл округі маңында, 42.420253N 68.254489E – 42.425234N 68.877337E | Өзеннің екі жағынан 11 шақырым | Шомылуға тыйым салынады |
| 7 | 4 | Сырдария өзені | Байырқұм ауыл округі маңында, 42.071278N 68.216248E – 42.220134N 68.250984E | Өзеннің екі жағынан 27 шақырым | Шомылуға тыйым салынады |
| 8 | 5 | Арыс өзені | Дермене ауыл округі маңында, 42.514064N 68.778854E – 42.535224N 68.750300E | Өзеннің екі жағынан 4,2 шақырым | Шомылуға тыйым салынады |
| Сауран ауданы | | | | | |
| 9 | 1 | Сырдария өзені, | Үшқайық ауылдық округі, Қызылшаруа елді мекені және Нұртас ауылы, 43.045896N 67.938517E – 43.335344N 67.738995E | Өзеннің екі жағынан 72 шақырым | Шомылуға тыйым салынады |
| | | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | Шомылуға |
| 10 | 2 | Арыс-Түркістан каналы, | Ескі иқан ауылдық округі, Достық елді-мекені, Ескі Сауран ауылы, 43.059252N 68.676227E – 43.437752N 67.925429E | Каналдың екі жағынан 72 шақырым | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | тыйым салынады |
| 11 | 3 | Қарашық өзені | Оранғай ауылы, Қарашық ауылы, Теке елді мекені, 43.442601N 68.431912E – 43.172768N 68.073588E | Өзеннің екі жағынан 42 шақырым | Шомылуға тыйым салынады |
| 12 | 4 | Қосқорған су қоймасы | Бостандық елді – мекені, 43.470207N 68.470788E | Су айдынының барлық акваториясы | Шомылуға тыйым салынады |
| 13 | 5 | Майдантал су қоймасы | Ынталы ауылы, 43.683245N 68.016217E | Су айдынының барлық акваториясы | Шомылуға тыйым салынады |
| 14 | 6 | Сасықбұлақ су қоймасы | Бабайқорған ауылдық округі, Үлгілі елді мекені, 43.547867N 68.125028E | Су айдынының барлық акваториясы | Шомылуға тыйым салынады |
| 15 | 7 | Ақтөбе су қоймасы | Бабайқорған ауылдық округі, Абай елді мекені, 43.640278N 68.117139E | Су айдынының барлық акваториясы | Шомылуға тыйым салынады |
| 16 | 8 | Серт су қоймасы | Бабайқорған ауылдық округі, Құмайлықас елді мекені, 43.532397N 68.227564E | Су айдынының барлық акваториясы | Шомылуға тыйым салынады |
| Кентау қаласы | | | | | |
| 17 | 1 | Ырмақ өзені су қоймасы | Қарнақ ауылы, Шаштөбе елді мекені, 43.550607N 68.340559E | Су айдынының барлық акваториясы | Шомылуға тыйым салынады |
| 18 | 2 | Ырмақ су өзенінің арнасы | Қарнақ ауылы, Укашата көшесі нөмірі жоқ, 43.517617N 68.346124E – 43.511854N 68.341120E | Өзеннің екі жағынан 250 метр | Шомылуға тыйым салынады |
| 19 | 3 | Қосқорған су қоймасы | Құшата елді-мекені тұсында, 43.471889N 68.467340E | Су айдынының барлық акваториясы | Шомылуға тыйым салынады |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Сайрам ауданы | | | | | |
| 20 | 1 | Аламан каналы | Ақбұлақ ауылы, Құрмантаев көшесі, 42.389267N 69.919470E – 42.389173N 69.919864E | Каналдың екі жағынан 15 метр | Шомылуға тыйым салынады |
| 21 | 2 | Сай каналы | Манкент ауылдық округі, Манкент аулы, 42.442041N 69.884436E – 42.442028N 69.884310E | Каналдың екі жағынан 10 метр | Шомылуға тыйым салынады |
| 22 | 3 | Мұсабек каналы | Құтарыс ауылдық округі, Ақарыс ауылы, 42.501623N 69.715217E – 42.449443N 69.710733E | Каналдың екі жағынан 794 метр | Шомылуға тыйым салынады |
| 23 | 4 | Қызылсай каналы | Манкент ауылдық округі, Жібек жолы ауылы, 42.604542N 69.628164E – 42.604328N 69.628173E | Каналдың екі жағынан 24 метр | Шомылуға тыйым салынады |
| 24 | 5 | Таш каналы | Ақсу ауылдық округі, Ақсу-2, 42.431912N 69.806174E – 42.432029N 69.806125E | Каналдың екі жағынан 13 метр | Шомылуға тыйым салынады |
| 25 | 6 | Ақсу өзені | Ақсу аулы, 42.411744N 69.819872 – 42.412334N 69.818220E | Өзеннің екі жағынан 150 метр | Шомылуға тыйым салынады |
| 26 | 7 | Арыс өзені | Құтарыс ауылы, 42.592945N 69.604915E – 42.592845N 69.606567E | Өзеннің екі жағынан 135 метр | Шомылуға тыйым салынады |
| Сарыағаш ауданы | | | | | |
| 27 | 1 | Келес өзені | Қапланбек ауыл округі, Сіргелі ауылы, 41.471785N | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | 69.249320E – 41.466943N 69.250092E | Өзеннің екі жағынан 500 метр | Шомылуға тыйым салынады |
| 28 | 2 | Рамадан каналы | Сарыағаш қаласы, Қазыбек би көшесі, 41.462639N 69.172137E – 41.461429N 69.170549E | Каналдың екі жағынан 75 метр | Шомылуға тыйым салынады |
| 29 | 3 | Кескен каналы | Сарыағаш қаласы, Вилямса көшесі, 41.447897N 69.174536E – 41.447855N 69.172187E | Каналдың екі жағынан 150 метр | Шомылуға тыйым салынады |
| 30 | 4 | Кескен каналы | Құркелес ауыл округі, Ақниет ауылы, 41.445549N 69.165871E – 41.445330N 69.165447E | Каналдың екі жағынан 30 метр | Шомылуға тыйым салынады |
| 31 | 5 | 47 тармақ каналы | Жібек жолы ауыл округі, Жібек жолы ауылы, 41.470840N 69.386096E – 41.471443N 69.389304E | Каналдың екі жағынан 100 метр | Шомылуға тыйым салынады |
| Түлкібас ауданы | | | | | |
| 32 | 1 | Қарақшы көлшігі | Жаскешу ауылдық округі, Қарақшы көлшігі, 42.330155N 70.053319E | Су айдынының барлық акваториясы | Шомылуға тыйым салынады |
| 33 | 2 | Састөбе су жинақтаушы | Састөбе ауылдық округі, Састөбе су жинақтаушы, 42.323241N 70.004909E | Су айдынының барлық акваториясы | Шомылуға тыйым салынады |
| 34 | 3 | Састөбе көлі | Састөбе ауылдық округі, Састөбе көлі, 42.330459N 70.000370E | Су айдынының барлық акваториясы | Шомылуға тыйым салынады |
| | | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 35 | 4 | Құлан су қоймасы | Ақбиік ауылдық округі, Құлан су қоймасы, 42.352729N 70.231232E | Су айдынының барлық акваториясы | Шомылуға тыйым салынады |
| 36 | 5 | Сартөр су қоймасы | Ақбиік ауылдық округі, Сартөр су қоймасы, 42.340911N 70.253158E | Су айдынының барлық акваториясы | Шомылуға тыйым салынады |
| 37 | 6 | Карьер көлшігі | Түлкібас ауылдық округі, Карьер көлшігі 42.281227N 70.180919E | Су айдынының барлық акваториясы | Шомылуға тыйым салынады |
| Шардара ауданы | | | | | |
| 38 | 1 | Шардара су қоймасы | 41.210971N 68.260172E – 41.132406N 67.973152E | Жекеменшік демалыс аймақтарынан басқа су айдынының барлық акваториясы | Шомылуға тыйым салынады |
| 39 | 2 | Сырдария өзені | Шардара қаласының аумағынан бастауы 41.248791N 67.966142E – 42.033845N 68.175510E | Өзеннің екі жағынан 91 шақырым | Шомылуға тыйым салынады |
| 40 | 3 | Қызылқұм магистральды каналы | Шардара қаласы , Қ. Тұрысбеков, Қоссейіт, Көксу, Ұзын ата, Алатау батыр, Қызылқұм, Ақшеңгелді, Достық ауылдық округтері тұсынан ағып өтетін канал, 41.264721N 67.926440E – 42.161712N 68.036998E | Каналдың екі жағынан 106,2 шақырым | Шомылуға тыйым салынады |
| | | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | Шомылуға |
| 41 | 4 | Қызылқұм магистральды каналының Шардара каналы | Қ. Тұрысбеков ауылдық округінен бастау алатын канал. 41.303780N 67.953487E – 41.331070N 67.961649E | Каналдың екі жағынан 10,2 шақырым | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | тыйым салынады |
| Ордабасы ауданы | | | | | |
| 42 | 1 | Бөген су қоймасы | Бөген ауыл округі, Бөген елді мекені, 42.730331N 69.032989E | Су айдынының барлық акваториясы | Шомылуға тыйым салынады |
| 43 | 2 | Бөржар су қоймасы | Бөржар ауыл округі, Ұялыжар елді мекені, 42.504286N 69.062960E | Су айдынының барлық акваториясы | Шомылуға тыйым салынады |
| 44 | 3 | Теспе су қоймасы | Бөржар ауыл округі, Теспе елді мекені, 42.425901N 69.300556E | Су айдынының барлық акваториясы | Шомылуға тыйым салынады |
| 45 | 4 | Арыс-Түркістан каналы | 42.553357N 69.165296E – 42.734179N 69.053738E | Каналдың екі жағынан 51,6 шақырым | Шомылуға тыйым салынады |
| 46 | 5 | Түркістан-магистралды каналы | 42.741315N 69.008333E – 42.973976N 69.992142E | Каналдың екі жағынан 49,6 шақырым | Шомылуға тыйым салынады |
| 47 | 6 | Арыз өзені | 42.604749N 69.488658E – 42.431039N 68.853345E | Өзеннің екі жағынан 61 шақырым | Шомылуға тыйым салынады |
| 48 | 7 | Боралдай өзені | 42.741523N 69.586324E – 42.598251N 69.343379E | Өзеннің екі жағынан 25 шақырым | Шомылуға тыйым салынады |
| 49 | 8 | Бадам өзені | 42.366797N 69.356567E – 42.506009N 69.047853E | Өзеннің екі жағынан 36 шақырым | Шомылуға тыйым салынады |
| Қазығұрт ауданы | | | | | |
| 50 | 1 | Рабат су қоймасы | Қ.Абдалиев ауыл округі Рабат елді мекені, 42.053834N 69.527551E | Су айдынының барлық акваториясы | Шомылуға тыйым салынады |
| 51 | 2 | Көкібел су қоймасы | С.Рақымов ауыл округі, 41.984645N 69.758547E | Су айдынының барлық акваториясы | Шомылуға тыйым салынады |
| | | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 52 | 3 | Ағанай су қоймасы | Шарбұлақ ауыл округі, 41.8106821N 69.4708376E | Су айдынының барлық акваториясы | Шомылуға тыйым салынады |
| 53 | 4 | "Газалкент" каналы | Қазығұрт ауыл округі Қазығұрт елді мекені, 41.7346833N 69,38807663E – 41.7246408N 69.386342E | Каналдың екі жағынан 2,5 шақырым | Шомылуға тыйым салынады |
| 54 | 5 | "Газалкент" каналы | Қызылқия ауыл округі Қызылсеңгір елді мекені, 41.670650N 69.466449E – 41.675735N 69.460515E | Каналдың екі жағынан 1,5 шақырым | Шомылуға тыйым салынады |
| 55 | 6 | "Газалкент" каналы | Қақпақ ауыл округі Заңғар елді мекені, 41.639549N 69,473914E – 41.654572N 69.476566E | Каналдың екі жағынан 2,5 шақырым | Шомылуға тыйым салынады |
| 56 | 7 | "Газалкент" каналы | Қақпақ ауыл округі Тассай елді мекені, 41.572166N 69.519247E – 41.577084N 69.521474E | Каналдың екі жағынан 2,5 шақырым | Шомылуға тыйым салынады |
| Мақтарал ауданы | | | | | |
| 57 | 1 | Достық каналы | 40.373933N 68.373821E – 40.430515N 68.274301E | Каналдың екі жағынан 25 шақырым | Шомылуға тыйым салынады |
| 58 | 2 | К-18 | 40.404924N 68.315692E – 40.534792N 68.322836E | Каналдың екі жағынан 26 шақырым | Шомылуға тыйым салынады |
| 59 | 3 | К-20 | 40.430775N 68.274033E – 40.564437N 68.291769E | Каналдың екі жағынан 27,2 шақырым | Шомылуға тыйым салынады |
| 60 | 4 | К-22 | 40.441763N 68.253073E – 40.483973N 68.263814E | Каналдың екі жағынан 11,7 шақырым | Шомылуға тыйым салынады |
| Жетісай ауданы | | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 61 | 1 | К-21 каналы | Жылы су ауылдық округі, Жаңа ауыл, | Су айдынының барлық акваториясы | Шомылуға тыйым салынады |
| 62 | 2 | К-МО-1 каналы | Қарақай ауылдық округі | Су айдынының барлық акваториясы | Шомылуға тыйым салынады |
| 63 | 3 | К-23А каналы | Қарақай ауылдық округі | Су айдынының барлық акваториясы | Шомылуға тыйым салынады |
| 64 | 4 | К-23 каналы | Қарақай ауылдық округі | Су айдынының барлық акваториясы | Шомылуға тыйым салынады |
| 65 | 5 | К-25 каналы | Қарақай, Атамекен, Жылы су ауылдық округтері | Су айдынының барлық акваториясы | Шомылуға тыйым салынады |
| 66 | 6 | К-М-5 каналы | Мақталы ауылдық округі | Су айдынының барлық акваториясы | Шомылуға тыйым салынады |
| 67 | 7 | К-24 каналы | Қазыбек би ауылдық округі | Су айдынының барлық акваториясы | Шомылуға тыйым салынады |
| 68 | 8 | К-28 каналы | Ынтымақ, Ш. Ділдабеков ауылдық округтері | Су айдынының барлық акваториясы | Шомылуға тыйым салынады |
| 69 | 9 | К-27 каналы | Мақталы ауылдық округі | Су айдынының барлық акваториясы | Шомылуға тыйым салынады |
| 70 | 10 | К-34 каналы | Мақталы ауылдық округі | Су айдынының барлық акваториясы | Шомылуға тыйым салынады |
| 71 | 11 | К-26 каналы | Қазыбек би ауылдық округі | Су айдынының барлық акваториясы | Шомылуға тыйым салынады |
| 72 | 12 | К-30 каналы | Ж. Ералиев, Абай, Қызылқұм, Ш. Дильдабеков ауылдық округтері | Су айдынының барлық акваториясы | Шомылуға тыйым салынады |
| 73 | 13 | К-МО-2 каналы | Ж. Ералиев ауылдық округі | Су айдынының барлық акваториясы | Шомылуға тыйым салынады |
| 74 | 14 | К-32 каналы | Ж. Ералиев ауылдық округі | Су айдынының барлық акваториясы | Шомылуға тыйым салынады |
| Отырар ауданы | | | | | |
| | | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 75 | 1 | Сырдария өзені | Аққұм ауылдық округі, 42.350715N 68.241444E – 42.394771N 68.244352E | Өзеннің екі жағынан 2 шақырым | Шомылуға тыйым салынады |
| 76 | 2 | Сырдария өзені | Көксарай ауылдық округі, ауылдан 3 км Көксарай-Шәуілдір көпірінің асты оң жағасы, 42.607041N 68.211849E – 42.614884N 68.222261E | Өзеннің екі жағынан 1,6 шақырым | Шомылуға тыйым салынады |
| 77 | 3 | Сырдария өзені | Көксарай ауылдық округі, 42.6132138N 68.2159986E – 42.615930N 68.219507E | Өзеннің екі жағынан 1 шақырым | Шомылуға тыйым салынады |
| 78 | 4 | Маяқұм каналы | Маяқұм ауылдық округі, 42.872197N 68.093750E – 42.878507N 68.088214E | Каналдың екі жағынан 0,8 шақырым | Шомылуға тыйым салынады |
| 79 | 5 | Сырдария өзені | Маяқұм ауылдық округі Шеңгелді елді мекені, 42.750136N 68.186631E – 42.749389N 68.181684E | Өзеннің екі жағынан 1,2 шақырым | Шомылуға тыйым салынады |
| 80 | 6 | Сырдария өзені | Балтакөл ауылдық округі Балтакөл елді мекені, Сырдария өзенінің жағасы ауылдан 7 км Түркістан – Балтакөл көпірінің асты оң-сол жағасы, 43.158344N 67.839559E – 43.160675N 67.850366E | Өзеннің екі жағынан 1 шақырым | Шомылуға тыйым салынады |
| | | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 81 | 7 | Түгіскен каналы | Балтакөл ауылдық округі Балтакөл-Көлқұдық түгіскен каналының көпір асты, 43.227377N 67.784497E – 43.229339N 67.775571E | Каналдың екі жағынан 100 метр | Шомылуға тыйым салынады |
| 82 | 8 | Сырдария өзенінен шыққан Сумағар каналы | Балтакөл ауылдық округі Көлқұдық елді мекені Сырдария өзенінен шыққан Сумағар каналы-сол жағасы, 43.053098N 67.781027E – 43.050730N 67.791466E | Каналдың екі жағынан 1,2 шақарым | Шомылуға тыйым салынады |
| 83 | 9 | Сырдария өзенінен шыққан Сумағар каналы | Балтакөл ауылдық округі Балтакөл ауылының тұсы Сырдария өзенінен шыққан Сумағар каналының Естай шлюзі, 43.0485767N 67.8222094E – 43.049540N 67.829456E | Каналдың екі жағынан 1 шақырым | Шомылуға тыйым салынады |
| 84 | 10 | Д. Алтынбеков каналы | Шәуілдір ауылдық округі, Орталық көпір жағасы, 42.774184N 68.396665E – 42.808432N 68.323440E | Каналдың екі жағынан 10 шақырым | Шомылуға тыйым салынады |
| 85 | 11 | Арыс өзені | Қарақоңыр ауылдық округі Арыс өзені көпір асты, 42.587277N 68.601364E – 42.589806N 68.596516E | Өзеннің екі жағынан 150 метр | Шомылуға тыйым салынады |
| | | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 86 | 12 | Арыс өзені | Қарақоңыр ауылдық округі Бестораңғыл ауылы, Арыс өзені платинаның жағасы, 42.691074N 68.443614E– 42.687722N 68.453603E | Өзеннің екі жағынан 250 метр | Шомылуға тыйым салынады |
| 87 | 13 | Арыс өзені | Көкмардан ауылы А.Дәрібаев көше бойы, 42.7736513N 68.3528181E – 42.774982N 68.353601E | Өзеннің екі жағынан 200 метр | Шомылуға тыйым салынады |
| 88 | 14 | КМ-2 каналы | Көкмардан ауылы, бетонмен қапталған жері, 42.734718N 68.365744E – 42.784928N 68.334045E | Каналдың екі жағынан 6 шақырым | Шомылуға тыйым салынады |
| 89 | 15 | Арыс өзені | Шытты ауылы, көпір асты, 42.7580708N 68.3670807E – 42.755919N 68.366924E | Өзеннің екі жағынан 1 шақырым | Шомылуға тыйым салынады |
| 90 | 16 | Арыс өзені | Шытты ауылы, "Исламхан" дүкені маңы, 42.7512687N 68.3635576E – 42.753971N 68.364083E | Өзеннің екі жағынан 200 метр | Шомылуға тыйым салынады |
| 91 | 17 | Арыс өзені | Ынталы ауылым, 42.7457198N 68.3674046E – 42.749068N 68.367405E | Өзеннің екі жағынан 350 метр | Шомылуға тыйым салынады |
| 92 | 18 | Сырдария өзені | Сарыкөл ауылы, көпір асты, 42.662497N 68.2601950E – 42.650684N 68.258886E | Өзеннің екі жағынан 1 шақырым | Шомылуға тыйым салынады |
| | | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 93 | 19 | Шаянка каналы | Жаңа Шілік ауылы, 42.903378N 68.852989E – 42.903001N 68.850629E | Каналдың екі жағынан 1 шақырым | Шомылуға тыйым салынады |
| 94 | 20 | Ақтөбе каналы | Ақтөбе ауылы, 42.791702N 68.741286E – 42.811379N 68.740837E | Каналдың екі жағынан 300 метр | Шомылуға тыйым салынады |
| 95 | 21 | Д. Алтынбеков каналы | Отырар ауылдық округі Айтаханов ауылы, көпір жағасы, 42.753329N 68.405798E – 42.774625N 68.396363E | Каналдың екі жағынан 20 метр | Шомылуға тыйым салынады |
| Келес ауданы | | | | | |
| 96 | 1 | Келес өзені | Абай ауылы, Арапбай көшесі, көпірдің жаны, 41.341937N 68.962446E – 41.342139N 68.962919E | Өзеннің екі жағынан 100 метр | Шомылуға тыйым салынады |
| 97 | 2 | Ошақты каналы | Абай ауылы, Сәтбаев көшесі, "Келес" АЭЖ жанындағы көпірдің жаны, 41.359576N 68.941851E – 41.359857N 68.978541E | Каналдың екі жағынан 50 метр | Шомылуға тыйым салынады |
| 98 | 3 | Араншы каналы | Абай ауылы, М. Артыков көшесі бұрынғы мақта қабылдау пункт жанында, 41.352961N 68.931717E – 41.354562N 68.951425E | Каналдың екі жағынан 15 метр | Шомылуға тыйым салынады |
| | | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | Шомылуға |
| 99 | 4 | Сырдария өзені | Жамбыл ауылдық округі, Қалғансыр ауылы, 41.352963N 68.931717E – 41.368543N 68.942514E | Өзеннің екі жағынан 100 метр | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | тыйым салынады |
| 100 | 5 | "Ақылбексай су қоймасы" | Қошқар ата а/о, Қаратал е/м, 41.309074N 68.779806E | Су айдынының барлық акваториясы | Шомылуға тыйым салынады |
| Созақ ауданы | | | | | |
| 101 | 1 | Қызылкөл | Құмкент ауылы, Қызылкөл елді-мекені, 43.751916N 69.485934E | Су айдынының барлық акваториясы | Шомылуға тыйым салынады |
| 102 | 2 | Шу өзені | Тасты ауылы 44.717259N 69.194678E – 44.692467N 69.331988E | Өзеннің екі жағынан 27 шақырым | Шомылуға тыйым салынады |
| Төлеби ауданы | | | | | |
| 103 | 1 | Ұзынбұлақ су қоймасы | Бірінші Мамыр ауылдық округі, 42.121779N 69.849755E | Су айдынының барлық акваториясы | Шомылуға тыйым салынады |
| 104 | 2 | Ащы су қоймасы | Бірінші Мамыр ауылдық округі, 42.047519N 69.869506E | Су айдынының барлық акваториясы | Шомылуға тыйым салынады |
| 105 | 3 | Шілтер су қоймасы | Кемеқалған ауылдық округі, 42.125925N 69.721246E | Су айдынының барлық акваториясы | Шомылуға тыйым салынады |
| 106 | 4 | Кәусар-1 су бөгеті | Алатау ауылдық округі, 42.152743N 70.043169E | Су айдынының барлық акваториясы | Шомылуға тыйым салынады |
| 107 | 5 | Кәусар-2 су бөгеті | Алатау ауылдық округі, 42.166567N 70.045551E | Су айдынының барлық акваториясы | Шомылуға тыйым салынады |
| 108 | 6 | Кәусар-3 су бөгеті | Алатау ауылдық округі, 42.168694N 70.043211E | Су айдынының барлық акваториясы | Шомылуға тыйым салынады |
| 109 | 7 | Кәусар-4 су бөгеті | Алатау ауылдық оругі, 42.175864N 70.028916E | Су айдынының барлық акваториясы | Шомылуға тыйым салынады |
| 110 | 8 | Абай су бөгеті | Кемеқалған ауылдық округі, 42.105449N 69.680026E | Су айдынының барлық акваториясы | Шомылуға тыйым салынады |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Бәйдібек ауданы | | | | | |
| 111 | 1 | Боралдай өзені | "Мұрынтас" Боралдай елді-мекенінен 9 шақырым, 42.815137N 69.714035E – 42.813952N 69.714087E | Өзеннің екі жағынан 23 метр | Шомылуға тыйым салынады |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК